

"Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы қағидаларын бекіту туралы" Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Төрағасының 2013 жылғы 28 қарашадағы № 219-н/қ бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 2016 жылғы 3 ақпандағы № 17-н/қ бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-1-бабына және 43-1-бабының 1-тармағына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы қағидаларын бекіту туралы» Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 2013 жылғы 28 қарашадағы № 219-н/қ бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8948 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2013 жылғы 28 желтоқсанда № 284 (28223) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Заң бөлімі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бір апта мерзімде оның көшірмесінің Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрықтың Есеп комитетінің интернет-ресурсына орналастырылуын
қ а м т а м а с ы з **е т с і н .**

3. Есеп комитетінің лауазымды адамдары бұйрықпен өздеріне қатысты бөлігінде
т а н ы с т ы р ы л с ы н .

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Есеп комитетінің аппарат басшысына
ж ү к т е л с і н .

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Р е с п у б л и к а л ы қ б ю д ж е т т і н
а т қ а р ы л у ы н б а қ ы л а у ж ө н і н д е г і
есеп комитетінің Төрағасы Қ. Жаңбыршин

